



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

# ҚАЗАҚСТАН ИМПОРТЫ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУЫ

**Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті**  
**Аналитикалық жазбахат**

Оспанов Н.Қ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) экономикалық зерттеулері мен талдамалық жазбалары ҚРҰБ зерттеулерінің нәтижелерін, сол сияқты ҚРҰБ қызметкерлерінің басқа ғылыми - зерттеу жұмыстарын таратуға арналған. Экономикалық зерттеулер дискуссияларды ынталандыру үшін таратылады. Құжатта айтылған пікірлер автордың жеке ұстанымы болып табылады және ҚРҰБ ресми ұстанымымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы төлем балансының ағымдағы шотының болжамындағы бастапқы кірістер балансының серпіні

2017 жылғы желтоқсан

## Қазақстан импорты құрылымының салыстырмалы талдауы

Оспанов Н.Қ.<sup>1</sup>

### Қысқаша мазмұны


Қазақстан экономикасы кәзіргі уақытта халықаралық экономикалық қатынастар жүйесімен тығыз байланысты. Экономикалық дамуы тұтынумен қатар, капиталдар мен технологияларды тартылуына себеп болып, елге импорт ағынының ұлғаюына ықпалын тигізеді. Импорттық жеткізілімдердің өсуі тұтыну, инвестициялық және аралық тауарлармен экономиканың қажеттілігі қанағаттандырады, сондай-ақ төлем балансының ағымдағы шотына белгілі бір қысым жасайтын. Сол себепті, қазіргі даму сатысында елдің импорттың қолданыстағы көлемі басқа елдермен салыстырғанда қаншалықты мүмкін екендігі туралы мәселе туындайды. Бұл мақалада Қазақстандық импорт құрылымының өзге елдердің импортымен салыстырмалы талдау жасалады.

---

<sup>1</sup> Оспанов Нурлан – бас маман, Экономикалық зертеу басқармасы, Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Email: Ospanov.N@nationalbank.kz

Энергия ресурстарының әлемдік нарықтарындағы қолайлы конъюнктура ағымдағы жылы өткен жылмен салыстырғанда экономикалық өсудің қалпына келуіне себепші болды. Өсу Қазақстанға импорт тауарларын жеткізудің ұлғаюын көрсетті. Қазақстанға импорт тауарларын негізгі жеткізушілер Ресей Федерациясы (2017 жылғы 9 ай - 38,5%), Еуропалық Одақ елдері (19,4%) және Қытай (16,3%) болып табылады.

**1-диаграмма. Қазақстандағы тауарлар импортының серпіні**



2017 жылғы бірінші үш тоқсанның қорытындылары бойынша импорт 23,1 млрд. долл. болды, бұл өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 15,6%-ға көп. 2017 жылы негізгі тауар номенклатурасының барлық топтары бойынша өсу байқалды. Тоғыз айдың қорытындылары бойынша тұтынушылық азық-түлікке жатпайтын тауарлар (24,0%) барынша өсті. Аралық тауарларды әкелу 16,7%-ға, ал инвестициялық тауарлар – 15,5%-ға ұлғайды.

1-кестеде өткен жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда импорттың құндық көрсеткішінің өзгерістері бойынша тоқсандық деректер берілген. «Жасыл аймақ» 2016 жылдың соңынан бастап импорттың қалпына келуін көрсетеді. 2016 жылдың төменгі базасының әсері негізгі себеп болып табылады.

**1-кесте. Тауарлар импортының өткен жылғы тиісті кезеңге өзгеруі**

	15Q1	15Q2	15Q3	15Q4	16Q1	16Q2	16Q3	16Q4	17Q1	17Q2	17Q3
Импорттың барлық тауарлары	-13.6%	-22.3%	-30.0%	-35.1%	-28.1%	-27.1%	-16.5%	6.0%	15.3%	22.4%	13.1%
Тұтынушылық тауарлар	-24.4%	-27.9%	-36.9%	-39.4%	-30.9%	-25.5%	-19.5%	2.1%	19.7%	22.0%	16.5%
Азық-түлік тауарлары	-12.8%	-10.3%	-29.3%	-29.2%	-18.8%	-17.6%	-9.8%	5.1%	14.9%	10.1%	14.6%
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	-29.4%	-36.0%	-40.6%	-45.1%	-37.3%	-30.6%	-24.9%	0.0%	22.9%	31.2%	17.8%
Аралық тауарлар	-10.2%	-10.4%	-20.0%	-30.9%	-18.5%	-23.8%	-12.2%	10.4%	19.4%	19.0%	12.6%
Инвестициялық тауарлар	-7.2%	-28.4%	-32.6%	-35.5%	-34.2%	-30.9%	-19.4%	4.5%	8.7%	26.4%	11.3%


Сонымен қатар, 2017 жылғы үшінші тоқсанда аралық тауарларды қоспағанда, барлық тауар топтары бойынша импорттың кейбір төмендеуі байқалады. Бұл төмендеу үшінші тоқсанға тән емес болып табылады, себебі маусым ретінде үшінші тоқсанда әдетте импорттың өсімі байқалады. Азық-түлікке жатпайтын тауарларды жеткізу айтарлықтай (8,3%) қысқарды.

## 2-кесте. Тауарлар импортының өткен кезеңде өзгеруі

	15Q1	15Q2	15Q3	15Q4	16Q1	16Q2	16Q3	16Q4	17Q1	17Q2	17Q3
Импорттың барлық тауарлары	-33.3%	16.3%	-7.9%	-9.1%	-26.0%	17.7%	5.6%	15.3%	-19.6%	24.9%	-2.4%
Тұтынушылық тауарлар	-39.5%	20.5%	-10.5%	-7.0%	-31.1%	29.9%	-3.3%	17.9%	-19.2%	32.4%	-7.6%
Азық-түлік тауарлары	-41.2%	37.3%	-18.1%	7.0%	-32.6%	39.3%	-10.3%	24.8%	-26.3%	33.4%	-6.6%
Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	-38.7%	11.6%	-5.6%	-14.9%	-30.0%	23.5%	2.1%	13.3%	-13.9%	31.8%	-8.3%
Аралық тауарлар	-31.2%	26.8%	-5.3%	-16.3%	-18.9%	18.7%	9.0%	5.3%	-12.3%	18.3%	3.2%
Инвестициялық тауарлар	-31.4%	3.6%	-4.9%	-4.5%	-30.1%	8.7%	10.9%	23.9%	-27.3%	26.5%	-2.4%

2017 жылғы 9 айдың қорытындылары бойынша ең көп тауар тобы – 37,1% аралық тауарлар болып табылады. Қазақстанның негізгі импортталатын аралық тауарлары мыналар болып табылады: құрылыс материалдары, метал бұйымдар, мұнай өнімдері, қара металлургияның аралық құрауыштары және т.б.

### 2-диаграмма. Қазақстанның импорт құрылымы



Соңғы жылдары инвестициялық тауарлар үлесінің қысқаруы байқалады. 2017 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша 2014 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда үлес 37,1%-дан 33,8%-ға дейін қысқарды. Тау-кен өндіру өнеркәсібі (негізінен мұна-газ саласы үшін) үшін жабдық, байланыс және коммуникациялар жабдығы, турбиналар мен электрогенераторлар, локомотивтер, вагондар және т.б. негізгі импортталатын инвестициялық тауарлар болып табылады.

БҰҰ-ның Ауқымды экономикалық санаттар бойынша жіктеуішіне (бұдан әрі - АЭС) сәйкес мобильді телефондар инвестициялық тауарлар санатына жатқызылғаны ескерерлік жағдай және ол 2017 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша инвестициялық импорттың 7,8%-ын құрайды.

Қазақстан экономикасы жаһандық экономика субъектісі болып табылады және оның өзіндік ерекшелігі бар. Үдемелі жаһандану жағдайында тауарлардың еркін қозғалуы негізгі рөлді атқарады. Осыған байланысты

ашықтық дәрежесі және орнықты экономикалық байланыстарды орнату бірінші кезекке шығады.

Қазіргі уақытта Қазақстан елдер арасындағы экономикалық байланыстарды дамытуға, сауданы ырықтандыруға, техникалық стандарттар мен нормаларды үйлестіруге белсенді түрде ықпал ететін түрлі интеграциялық бірлестіктердің мүшесі болып табылады.

Микродеңгейде бұл процесс көршілес жатқан елдердің жекелеген кәсіпорындарының өзара іс-қимыл жасауы арқылы жүреді. Тауарларды өндіру өндіріс қаражатын және басқа елдерде шығарылған аралық тауарларды пайдаланудан тұрады. Қазақстандық кәсіпорындар да басқа елдерде шығарылған жабдық пен аралық тауарларды пайдаланады. Мәселен, өз өнімдерін жасау үшін отандық кондитерлер Ресейден және Еуропа елдерінен импортталатын жаңғақтарды, құрғақ сүтті, хош иістендіргіштерді пайдаланады, Африкадан какао-бұршақтар жеткізіледі.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстан бизнесті жүргізу үшін белсенді түрде жағдайлар жасап, қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруда. Шетелдік тікелей инвестициялар (бұдан әрі – ШТИ) көлемінің экономикаға айтарлықтай салынуы соның нәтижесі. Мәселен, 2016 жылдың қорытындысы бойынша ШТИ-дің Қазақстанға жалпы әкелінуі 21,0 млрд. долл. құрады, оның ішінде 7,2 млрд. долл. тау-кен өндіру өнеркәсібіне, 4,1 млрд. долл. өңдеуші өнеркәсіпке, 4,8 млрд. долл. геологиялық барлау жүргізу қызметіне тартылған.

ШТИ экономикалық өзгерістер барысына айтарлықтай ықпал етеді. Жаңа өндірістер құрылып, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар жаңғыртылады, елдің экспорттық әлеуетін ұлғайтуға мүмкіндік беретін жаңа қуат көздері ашылады.

Қазіргі кезде Қазақстанда бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуда. Күрделі инвестициялардың экономикалық өсуге айтарлықтай үлес қосатыны айқын, бірақ сонымен қатар шетел жабдығын, құрылыс материалдары мен аралық және инвестициялық санаттың басқа тауарларын жеткізу көлемінің өсуіне алып келеді.

Осылайша, импорттың экономикаға ықпал етуінің оң және сол сияқты теріс әсері бар. Импорттың өсуі елдің төлем балансының ағымдағы шотының дефицитін қалыптастыруға мүмкіндік жасайды, бұл өз кезегінде ұлттық валютаның бағамына қысым жасайды.

Елге бәсекелестің импорттың түсімдерінен болатын оң әсер етуге отандық өндірушіде шығарылатын өнімнің сапасын арттыруға ынталандыруды қалыптастыруды, елде ұсынылған ассортиментті кеңейтуді, артта қалған өндірісті жою және ресурстарды неғұрлым тиімді өндірістің пайдасына қайта топтастыру есебінен өндірістің құрылымын жақсартуды жатқызуға болады. Басқаша айтқанда, импорт өндіріс тиімділігінің және отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігінің неғұрлым жоғары деңгейіне өтуді жандандыруға мүмкіндік жасайды.

Ашық теңгерілген экономика шетел тауарларының ағынына шектеулердің болмауы жағдайында қалыптастырылады. Осыған байланысты Қазақстанға импорттың ағындардың ағымдағы көлемінің барабарлық деңгейін айқындауға мүдде бар. Салыстыру үшін Ұлттық Банк түрлі елдердегі импорттың құрылымына салыстырмалы талдау жасады.

2016 жылғы деректер негізінде экономикалық құрылымы ұқсас елдердің мынадай топтары қалыптастырылды<sup>2</sup>:

- валюталары бойынша Ұлттық Банк күн сайын шолу жариялайтын жекелеген дамушы елдер (Түркия, Бразилия, Ресей, ОАР, Мексика, Үндістан, Индонезия);

- мұнай өндіретін елдер (Катар, Кувейт, Венесуэла, БАӘ, Нигерия);

- ТМД-ның жекелеген елдері (Беларусь, Қырғызстан, Өзбекстан, Украина);

- экспорт құрылымындағы шикізат деңгейі аз елдер (Аргентина, Австралия, Канада, Чили, Жаңа Зеландия, Норвегия, Исландия);

- ЭЫДҰ жекелеген елдері (Франция, Германия, Италия, Корея, Испания, Ұлыбритания);

- басқа елдер (Қытай, Пәкстан, Малайзия).

АЭС-ке сәйкес ДСҰ (ІТС) жанындағы «Халықаралық сауда орталығы» агенттігінің дерекқорынан қаралып отырған әрбір елге бірқатар импорттық жеткізілімдер қалыптастырылды және санаттар бойынша құрылымдалды. Сонымен қатар, импорттың тауарлары санаттарының жалпы импорттағы үлес салмағы тиісті елдердің ІЖӨ-нен пайыздармен есептелді.

### **Талдау нәтижелері**

Жалпы импорттағы тауарлардың әрбір санаттағы импортының үлес салмағына қатысты кестелерді талдау (3-кесте) төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Аралық тауарлар. Елдерді бүкіл іріктеу бойынша орташа мәнмен салыстырғанда Қазақстанда аралық тауарлардың үлесі аз (36,4% салыстырғанда 51,0%) және БАӘ үлесімен (37,2%) салыстыруға болады. Жалпы алғанда, мұнай елдерін іріктеу бойынша орташа мән 42,1%-ды құрайды, бұл Қазақстан көрсеткіштерінен айтарлықтай көп. «Жекелеген дамушы елдер» іріктеуінің орташа нәтижесі 59,5%-ға тең.

Аралық тауарлардың төмен үлесі құрылыс, жанар-жағар май материалдары мен отын импортынан салыстырмалы түрде төмен тәуелділікті көрсетеді. Қазақстанның осы тауарларға деген ішкі сұранысты өздігінен ішінара қанағаттандыра алатындығы анық. Сондай-ақ, Қазақстан импортының құрылымында аралық тауарлардың аз болуы, аралық тауарлардың айтарлықтай деңгейіне мұқтаж түпкілікті өнімді өндірудің төмен деңгейін көрсетуі мүмкін.

---

<sup>2</sup> өзбекстан, Венесуэла және Украина бойынша деректер сауда әріптестері елдердің қарама-қарсы статистикасы негізінде жасалды

Инвестициялық тауарлар. Қазақстанның жалпы импортында инвестициялық тауарлардың үлес салмағы (35,1%) іріктеліп отырған елдерге қарағанда (орташа 17,9%) жоғары. Елдерді іріктеу мәні бойынша «Шикізат тауарларының айтарлықтай экспорты бар елдер» неғұрлым жақын болып (22,1%) табылады. «Мұнай өндіруші елдер» іріктеуі бойынша орташа мән – 17,8%.

Өндіріс құралдарына жоғары сұраныс мұнай газ саласындағы инфрақұрылымдық жобаларға айтарлықтай капитал ағындарына және мемлекеттік бағдарламаларға байланысты.

Тұтынушылық тауарлар. Бүкіл іріктеу бойынша орташа мән 30,0%-ға тең, оны Қазақстанның 26,6% болатын көрсеткішімен салыстыруға болады. Жалпы импортта тұтынушылық тауарлардың мазмұны бойынша мыналар неғұрлым жақын елдер болып табылады: Аргентина – 23,8%, Өзбекстан – 24,0%, Туркия – 25,2%, Беларусь – 26,4%, Канада – 28,5%.

Салыстыру үшін ІЖӨ пайыздарымен импорт санаттарын қарастырайық (4-кесте). Қазақстанға ІЖӨ пайыздарымен тауарлардың жалпы импортының көрсеткіші іріктеу бойынша орташа мәннен (26,5%) төмен (19,0%) болып табылады. ІЖӨ-нің салыстырмалы түрде жоғары деңгейі және импортқа қатысты ҚР-да тұтынудың салыстырмалы түрде төмен деңгейі негізгі себебі болып табылады.

Қазақстанда ІЖӨ-ге қатысты тұтыну тауарлары импортының арақатынасы (5,1%) елдерді іріктеу бойынша орташа мәнге қарағанда салыстырмалы түрде төмен деңгейді (8,4%) көрсетті. Аралық және инвестициялық тауарлар бойынша қорытындылар жалпы импорттағы импорт санаттарының үлесін талдаудағы қорытындыларға ұқсас.

Сонымен қатар, ұлттық шоттар жүйесінде (ҰШЖ) негізгі тауарлардың жіктеуіне сәйкес импортты баламалы ұсыну бірнеше қосымша қорытындылар жасауға мүмкіндік береді (5-кесте).

Қазақстан автомобиль бензині мен ЖЖМ-ды импорттау бөлігінде салыстырмалы түрде өзін-өзі қамтитын ел болып табылады (барлық іріктеу бойынша 10,5%-бен салыстырғанда 5,9%). ЖЖМ-ның импорты бойынша неғұрлым төмен көрсеткіштер тек Катар, Кувейт, БАӘ және Ресей сияқты елдерде белгіленген. Одан басқа, Қазақстан бойынша көрсеткіштер Норвегия және Ұлыбритания сияқты (мұнай саласы дамыған) елдермен салыстыруға келеді.

Сондай-ақ, 2016 жылы сатып алу белсенділігінің қысқаруымен байланысты болған импортқа шығарылатын автомобильдер үлесінің (4,4%-бен салыстырғанда 1,6%) төмен болғанын атап өту қажет.

Жалпы, инвестициялық және аралық тауарлардың жалпы импорттаудағы үлестерін салыстыру кезіндегі қорытындылар расталды. Капиталды қажет ететін жабдықтар («Капиталды қажет ететін жабдықтар» тобы бойынша үлесі 23,7% орташа мәнмен салыстырғанда 27,6%) сол немесе басқа салада маманданған белсенді дамып келе жатқан елдерде байқалды. Аталған факт Қазақстандағы мұнай секторына салымдардың капиталды



қажет ететінін растайды. Салыстырмалы үлестер Ресей, Бразилия, Мексика және ОАР сияқты елдерде байқалады. Аталған санатта ең жоғары мәндер тек Қытай, Малайзия және Корея сияқты индустриалдық дамыған елдерге тән.

Жүргізілген талдаудың нәтижелері бойынша мынадай қорытынды жасауға болады. Қазіргі уақытта Қазақстанның экономикасына инвестициялық тауарлардың айтарлықтай көлемі түсуде, оның басым бөлігі қаржылық шотта капиталдың әкелінуімен өтеледі. Аралық және тұтынушылық санаттағы импорттың көлемі елдерді салыстыру жағдайына тән деңгейде тұр. Жалпы алғанда, Қазақстандағы сауда балансы ежелден профицитпен қалыптасқан, себебі экспорттық түсімдер тауарлар импортынан біршама жоғары болып келеді.

Қазіргі жағдайдағы импорт қабылданады және төлем балансының ағымдағы шотына айтарлықтай қысым көрсетпейді.

3-кесте. Тауарлар импорты санаттарының жалпы импорттағы үлес салмағы  
(2016 жылғы қорытынды бойынша)

		Аралық	Инвестициялық	Тұтынушылық
Қазақстан		36.4%	35.1%	26.6%
<b>Барлық іріктеу бойынша орташа (ҚР жоқ)</b>		<b>51.0%</b>	<b>17.9%</b>	<b>30.0%</b>
<b>Жекелеген дамушы елдер</b>	Түркия	56.4%	18.3%	25.2%
	Бразилия	64.0%	15.6%	20.4%
	Ресей	42.2%	25.2%	32.6%
	ОАР	48.2%	20.1%	29.6%
	Мексика	60.3%	20.0%	19.6%
	Индия	78.4%	12.3%	7.2%
	Индонезия	67.2%	15.9%	16.9%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>59.5%</b>	<b>18.2%</b>	<b>21.6%</b>
<b>Мұнай өндіруші елдер</b>	Катар	46.7%	20.2%	33.1%
	Кувейт	39.6%	19.7%	40.7%
	Венесуэла	45.8%	16.8%	37.4%
	БАӘ	37.2%	13.3%	49.5%
	Нигерия	41.1%	19.0%	39.9%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>42.1%</b>	<b>17.8%</b>	<b>40.1%</b>
<b>ТМД-ның жекелеген елдері</b>	Беларусия	62.3%	11.4%	26.4%
	Қырғызстан	39.8%	13.3%	46.8%
	Өзбекстан	51.5%	24.5%	24.0%
	Украина	48.3%	16.5%	35.2%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>50.5%</b>	<b>16.4%</b>	<b>33.1%</b>
<b>Шикізат тауарларының қомақты экспорты бар елдер</b>	Аргентина	52.9%	22.0%	23.8%
	Австралия	35.7%	23.4%	38.8%
	Канада	47.0%	20.8%	28.5%
	Чили	41.2%	24.6%	30.8%
	Жаңа Зеландия	37.8%	22.3%	37.1%
	Норвегия	42.4%	22.3%	32.0%
	Исландия	41.3%	19.5%	35.0%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>42.6%</b>	<b>22.1%</b>	<b>32.3%</b>
<b>ЭЫДҰ-ның жекелеген елдері</b>	Франция	49.9%	15.9%	34.2%
	Германия	51.8%	15.6%	32.6%
	Италия	55.0%	11.8%	33.2%
	Корея	67.6%	15.2%	14.3%
	Испания	54.0%	12.2%	33.8%
	Ұлыбритания	47.7%	16.1%	36.2%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>54.3%</b>	<b>14.5%</b>	<b>30.7%</b>
<b>Басқа елдер</b>	Қытай	75.0%	14.7%	10.3%
	Пәкістан	59.1%	17.1%	19.1%
	Малайзия	65.4%	15.4%	19.2%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>66.5%</b>	<b>15.8%</b>	<b>16.2%</b>

4-кесте. ІЖӨ-ге шаққандағы %-бен тауарлар импортының құрауыштары

		Жалпы импорт	Аралық	Инвестициялық	Тұтынушылық
Қазақстан		19.0%	6.9%	6.7%	5.1%
<b>Барлық іріктеу бойынша орташа (ҚР жоқ)</b>		<b>26.5%</b>	<b>13.4%</b>	<b>4.5%</b>	<b>8.4%</b>
<b>Жекелеген дамушы елдер</b>	Түркия	23.2%	13.1%	4.2%	5.8%
	Бразилия	7.7%	4.9%	1.2%	1.6%
	Ресей	14.2%	6.0%	3.6%	4.6%
	ОАР	25.4%	12.2%	5.1%	7.5%
	Мексика	37.0%	22.3%	7.4%	7.3%
	Индия	15.8%	12.4%	1.9%	1.1%
	Индонезия	14.6%	9.8%	2.3%	2.5%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>19.7%</b>	<b>11.5%</b>	<b>3.7%</b>	<b>4.3%</b>
<b>Мұнай өндіруші елдер</b>	Катар	21.0%	9.8%	4.2%	7.0%
	Кувейт	27.0%	10.7%	5.3%	11.0%
	Венесуэла	4.1%	1.9%	0.7%	1.6%
	БАӘ	77.7%	28.9%	10.3%	38.4%
	Нигерия	8.7%	3.6%	1.7%	3.5%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>27.7%</b>	<b>11.0%</b>	<b>4.5%</b>	<b>12.3%</b>
<b>ТМД-ның жекелеген елдері</b>	Беларусия	58.2%	36.2%	6.6%	15.3%
	Қырғызстан	58.7%	23.4%	7.8%	27.5%
	Өзбекстан	14.1%	7.3%	3.5%	3.4%
	Украина	41.0%	19.8%	6.8%	14.5%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>43.0%</b>	<b>21.7%</b>	<b>6.2%</b>	<b>15.2%</b>
<b>Шикізат тауарларының қомақты экспорты бар елдер</b>	Аргентина	10.2%	5.4%	2.2%	2.4%
	Австралия	15.7%	5.6%	3.7%	6.1%
	Канада	26.3%	12.4%	5.5%	7.5%
	Чили	23.8%	9.8%	5.9%	7.3%
	Жаңа Зеландия	19.6%	7.4%	4.4%	7.3%
	Норвегия	19.6%	8.3%	4.4%	6.3%
	Исландия	28.4%	11.7%	5.6%	10.0%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>20.5%</b>	<b>8.7%</b>	<b>4.5%</b>	<b>6.7%</b>
<b>ЭЫДҰ-ның жекелеген елдері</b>	Франция	22.7%	11.3%	3.6%	7.8%
	Германия	30.6%	15.8%	4.8%	10.0%
	Италия	21.9%	12.0%	2.6%	7.3%
	Корея	28.8%	19.4%	4.4%	4.1%
	Испания	24.6%	13.3%	3.0%	8.3%
	Ұлыбритания	24.3%	11.6%	3.9%	8.8%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>25.5%</b>	<b>13.9%</b>	<b>3.7%</b>	<b>7.7%</b>
<b>Басқа елдер</b>	Қытай	14.2%	10.6%	2.1%	1.5%
	Пәкістан	16.6%	9.8%	2.8%	3.2%
	Малайзия	56.8%	37.2%	8.8%	10.9%
	<b>Топ бойынша орташа</b>	<b>29.2%</b>	<b>19.2%</b>	<b>4.6%</b>	<b>5.2%</b>

5-кесте. ҰШЖ тауарлық сыныптарының жалпы импорттағы үлес салмағы (2016 жылғы қорытынды бойынша)

		Өнеркәсіпке арналған бастапқы өнімдер	Капиталға қажет жабдық	Тасымалдау жабдығы және жинақтаушы бөлшектер	Автомобиль бензині және ЖЖМ	Тамақ өнімдері	Жеңіл автомобильдер	Басқа тұтынушылық тауарлар	Басқалары (негізінен әскери мақсаттағы тауарлар)	Жалпы қорытынды (млрд. USD)
	Қазақстан	32.8%	27.6%	7.5%	5.9%	10.6%	1.6%	13.8%	0.2%	25.4
Барлық іріктеу бойынша орташа (ҚР жоқ)		28.6%	23.7%	9.4%	10.5%	7.5%	4.4%	11.9%	4.0%	
Жекелеген дамушы елдер	Түркия	37.8%	22.2%	9.9%	5.9%	4.3%	5.0%	6.7%	8.3%	198.6
	Бразилия	33.8%	11.5%	11.5%	10.9%	6.8%	2.1%	8.6%	0.1%	137.6
	Ресей	24.7%	30.7%	9.2%	0.9%	11.9%	3.3%	15.8%	3.6%	182.3
	ОАР	24.1%	25.3%	7.1%	13.4%	4.6%	4.5%	10.7%	10.3%	74.7
	Мексика	27.4%	36.8%	12.7%	6.4%	4.8%	2.6%	6.0%	3.3%	387.1
	Индия	39.3%	20.3%	4.0%	24.6%	3.7%	0.1%	2.7%	5.3%	356.7
	Индонезия	38.9%	26.2%	5.9%	13.9%	9.2%	0.9%	4.1%	0.8%	135.7
Топ бойынша орташа		32.3%	26.8%	8.6%	10.9%	6.5%	2.6%	7.8%	4.5%	
Мұнай өндіруші елдер	Катар	26.8%	22.7%	15.3%	0.6%	9.4%	7.1%	13.9%	4.2%	32.1
	Кувейт	26.2%	25.2%	5.6%	0.6%	13.9%	9.2%	19.0%	0.3%	30.8
	Венесуэла	28.3%	21.0%	8.0%	11.6%	13.3%	1.4%	13.3%	3.2%	15.4
	БАӘ	28.0%	12.7%	9.1%	1.0%	5.3%	4.3%	9.4%	30.2%	270.9
	Нигерия	22.6%	23.2%	8.2%	27.6%	12.2%	1.9%	4.2%	0.1%	35.2
	Топ бойынша орташа		26.4%	21.0%	9.2%	8.3%	10.8%	4.8%	12.0%	7.6%
ТМД-ның жекелеген елдері	Беларусия	27.7%	15.1%	4.6%	26.8%	12.4%	1.3%	8.3%	3.6%	27.6
	Қырғызстан	27.8%	15.1%	6.4%	10.4%	10.6%	0.8%	25.8%	3.2%	3.8
	Өзбекстан	32.2%	27.4%	10.0%	5.0%	9.3%	2.0%	10.5%	3.6%	9.5
	Украина	31.0%	19.8%	5.4%	15.3%	8.1%	3.2%	16.0%	1.3%	38.3
	Топ бойынша орташа		29.7%	19.4%	6.6%	14.3%	10.1%	1.8%	15.2%	2.9%
Шикізат тауарларының қомақты экспорты бар елдер	Аргентина	26.9%	26.0%	16.9%	8.1%	2.2%	8.0%	9.7%	2.1%	55.6
	Австралия	21.8%	24.9%	9.3%	9.1%	4.2%	8.4%	18.6%	3.6%	189.4
	Канада	24.1%	23.0%	17.2%	6.2%	4.4%	6.5%	12.8%	5.8%	403.0
	Чили	22.2%	24.4%	10.9%	12.9%	4.6%	5.6%	16.1%	3.3%	58.8
	Жаңа Зеландия	21.8%	20.9%	11.9%	8.4%	6.8%	9.3%	17.4%	3.6%	36.2
	Норвегия	27.7%	23.5%	11.5%	3.3%	5.8%	7.0%	15.8%	5.3%	72.8
	Исландия	26.6%	22.0%	11.0%	10.6%	5.4%	7.1%	13.1%	4.2%	5.7
Топ бойынша орташа		24.5%	23.5%	12.7%	8.4%	4.8%	7.4%	14.8%	4.0%	
ЭЫДҰ-ның жекелеген елдері	Франция	25.4%	18.9%	15.1%	8.3%	8.8%	5.7%	17.7%	0.1%	560.6
	Германия	26.8%	22.1%	11.6%	7.1%	7.2%	4.8%	13.7%	6.7%	1 060.7
	Италия	32.3%	16.4%	7.2%	10.2%	9.4%	6.8%	16.2%	1.5%	404.6
	Корея	29.3%	31.0%	4.6%	19.8%	2.3%	2.3%	7.5%	3.1%	406.2
	Испания	26.3%	15.9%	12.9%	10.7%	10.1%	6.0%	17.8%	0.2%	302.5
	Ұлыбритания	29.1%	17.8%	12.5%	6.2%	8.5%	7.2%	17.1%	1.7%	636.4
Топ бойынша орташа		28.2%	20.4%	10.7%	10.4%	7.7%	5.5%	15.0%	2.2%	
Басқа елдер	Қытай	33.4%	38.9%	4.5%	10.5%	5.8%	2.8%	3.3%	0.9%	1 587.9
	Пәкістан	35.6%	20.8%	5.6%	20.2%	7.0%	2.1%	3.7%	4.8%	47.0
	Малайзия	28.2%	40.7%	6.0%	10.1%	7.2%	1.1%	6.2%	0.4%	168.4
	Топ бойынша орташа		32.4%	33.5%	5.3%	13.6%	6.7%	2.0%	4.4%	2.0%